

16 ТАМЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№89 (23 558)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Әуежай әуежабқа
айналады



Айтары бар
білікті ғалым



«Алтын
жұдырық»



2-бет

6-бет

8-бет

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ – 2025

Жаңа оқу жылы: Ұрпаққа тәрбие, болашаққа бағыт

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздардың Республикалық тамыз конференциясына қатысты. Жаңа оқу жылының басталуына орай заман талабына сай адамгершілігі жоғары, кәсіби құзыретті және әлеуметтік жауапты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесінің бүгіні мен болашағын айқындайтын республикалық конференция «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбына арналды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады

Бұл жиын өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған өте маңызды басқосу болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттың шамшырағы болар ұстаздардың ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан қажырлы еңбегін айта келіп, ризашылығын білдірді.

– Бүгін мен еліміздегі ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін! Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жақсы оқытушыны бәрiнен де қымбат көремiн» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрiнен биік болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформалар жүзеге асуда. Бұл – ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылып, елдегі саяси жүйе толық жаңғырды, ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Президент өз сөзінде азаматтардың сана-сезімі өзгеріп, қоғамымыз дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шыққанын, билікте де «отбасылық жүйе» жоқ екенін атап өтті. Азаматтарды қызметке тағайындау кезінде ең алдымен, олардың білімі мен кәсіби білігі ескеріледі.

– Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Занды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды.

Бірақ, өзгерістерді жасау – бір бөлек болса, оны біржола орнықтыру – бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет. Осы ретте сіздерге, яғни, ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Себебі, нағыз «Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс»

Өркениетті ел болу үшін ұстаздарға барынша жағдай жасалуы қажет. Президент конференцияда осы мәселені айрықша атады.

2019 жылы қабылданған алғашқы шешімдердің бірі — ұстаздарға қатысты болғаны белгілі. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, білім мен ғылымның заманында, жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. «Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді», – деді Президент.

Соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыс

атқарылды. 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны жоспарланған 217 мектептің 128-і салынып, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына 60-тан астам мектеп салынды. Тағы 30-ға жуығы салынып жатыр. «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданғаны белгілі. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленіп, бүгінде 74 мұғалім осы құрметті атаққа ие болды. Былтыр 2 ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Бұл – барша педагогтер қауымына көрсетілген зор құрметтің белгісі болып отыр.

➤ 2-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

Ең таңдаулы



Жаһанда «Әлемнің 100 үздік поэзиясы», «100 үздік романы» деген жинақтар бар. Сол жинаққа енгендерде арман жоқ шығар. Оларды Жер шарының түпкір-түпкірінде талғамы биік мыңдаған оқырман оқиды. Ал, әдебиетті тұтас дәуірлерден тамыр тартқан қазақ әдебиетіне өз қолтаңбанды қалдырып, биік тұғырға шығу оңай емес. Жақында қазақтың таңдамалы «100 кітабының» тізімі шықты. Тізімде қасиетті Арқа топырағының классиктері де бар: олар – Қасым Аманжолов, Софы Сматаев, Серік Аксұңқарұлы.

«100 кітап» көшін Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері бастапты. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебегі» мен Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» кітабымен жалғасыпты. Абайдан кейін жаңа ғасыр һәм жаңа дәуір әдебиетінің алауын үрлеген Сұлтанмахмұд Торайғыров пен Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовтер алғашқы ондықта. Қанша ғасыр өтсе де, өзектілігін, қуатын, бояуын жоғалтпайтын кілен өміршең классика. Осы тізімнен-ақ «100 кітап» ұлттық жобасының салмағын бағамдай беріңіз.

Қасіретті жылдарда Мағжандармен (Жұмабаев) бірге репрессияға ұшырған ұлы қазақ поэзиясының сөзінге аз-ақ қалған шоғын Қасым Аманжолов үрлеген еді. Дауыл болып үрледі. Қасым сонысымен де өміршен. «Дариға, сол қыз». Кеудесінде өлеңге деген іңкәрлігі бар әр оқырманның кеудесінде сақталатын кітап.

Софы Сматаевтың да «Елім-ай» романы тізімде. Бір кезеңде тарихын іздеген қазақ оқырманын жалт қаратқан еді. Сондай салмағы бар романның «100 кітап» тізіміне енуі заңды.

Алаштың аяулы ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Аксұңқарұлының «Адам ата – Науа ана» кітабы да үздік кітаптар қатарында. Бұл адамзат баласының Адам ата мен Науа анадан бастап, басынан өткерген күллі трагедиясын баяндаған понарамалық поэма.

Өз тілшімізден

17 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ

Дәстүр мен жеңіс

Тамыз айының үшінші жексенбісі – елімізде дәстүрлі түрде атап өтілетін Спорт күні. Бұл – елімізде дені сау ұрпақ тәрбиелеу, бұқаралық спортты дамыту және ұлттық спорттың өркендеуіне ерекше мән берілетінін көрсетсе керек. Денсаулығы мықты, рухы биік ұрпақ қалыптастыру – елдің жарқын болашағына салынған берік негіз. Облыс бұл маңызды міндеттерді абыроймен орындап, спорт инфрақұрылымын жетілдіру мен спортшыларды қолдау бағытында ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт кластері – келешек кеплі

Ресми дерекке сүйенсек, аймақтағы бұқаралық спортты дамыту мақсатында Қарағанды қаласында алдағы уақытта үлкен спорттық кластер бой көтермек. Бұл жоба облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тікелей бақылауына

да. Аймақ басшысы аталған бастама туралы қала тұрғындарымен кездесу барысында жан-жақты айтқан еді.

– Қазіргі басты міндетіміз – саламатты ұлт қалыптастыру. Ол үшін сапалы спорт инфрақұрылымы қажет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортқа ерекше көңіл бөлу қажет екенін бірнеше мәрте айтты. Осы бағытта біз «Көгілдір тоғандар» ықшам-



Қалалық жасөспірімдер спорт клубының жанындағы спорт алаңында

ауданы мен қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігі арасынан 72 гектар жер бөліп, жаңа спорт кластерін салу жұмысын бастадық. Бұл – тек Қарағанды үшін ғана емес, тұтас аймақ үшін маңызды жоба, – деді аймақ басшысы.

Спорт кластерінің құрамына 4 ірі нысан кіреді. Атап айтсақ, әмбебап спорт аренасы (бассейн, күрес, бокс залдары бар), көпфункционалды мұз кешені (хоккей, мәнерлеп сырғанау және т.б.), жеңіл атлетика манежі және спорт мектебі-интернат-колледжі.

Сонымен қатар, 25 мың орындық жаңа жабық стадион жобасы да осы аумақта бой көтереді деп күтілуде. Бұл жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге аспак.

➤ 8-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 629.23

•USD/KZT 538.03

•RUB/KZT 6.74

•CNY/KZT 75.03

Қазақстан Ұлттық Банкінің
15 тамыз, 2025 жылғы дерегі бойынша

Жаңа оқу жылы: Ұрпаққа тәрбие, болашаққа бағыт



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту да — басты назарда. Соңғы төрт жылдың ішінде ұстаздардың жалақысы екі есе өсті. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам педагогке үстеме ақы төленеді. «Білім берудегі өзгерістердің мың көшбасшысы» жобасы аясында 332 маман мектеп директоры болып тағайындалды. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды. Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс екенін айтады Президент.

Жаңа оқу жылында шәкіртақы өседі

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау — айрықша маңызды жұмыс екенін айтты. «Биыл білім беру саласына 13 мыңнан астам грант бөлінді. Педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы бес жылда екі есе көбейді. Жаңа оқу жылынан бастап, шәкіртақы 84 мың теңге болады. Осындай нақты шаралардың нәтижесінде жастардың мұғалім болуға ынтасы артып келеді. Былтыр 1800-ге жуық «Алтын белгі» иегері педагог мамандығына оқуға түскен. Ал, биыл 2 мыңнан астам үздік түлек ұстаз маман-

дығын таңдап отыр. Бұл — барлық «Алтын белгі» иегерлерінің 23 пайызға жуығы деген сөз. Мұның бәрі қоғамда ұстаздардың абырой-беделінің арта түскенін аңғартады», — деді Президент.

Мұғалімнің білігін, мәртебесін көтеру және білім сапасын арттыру үшін басқа да көптеген шаралар атқарылды. Нәтижесі жаман емес. Биыл оқушыларымыз әлемдегі ең беделді жеті олимпиададан 27 медаль, халықаралық олимпиадалардан 1000-ға жуық медаль иеленді. Бұл оқушылардың сапалы білімі мен терең ізденісі және ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі.

ЖИ мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн

Мемлекет басшысы оқу-ағарту саласына қатысты бірқатар ойын ортаға салды. Ғылым мен білім, технология жылдам өзгеріп жатқан заманда мұғалімдер де көшпен қалмауы керек. Президент өз сөзінде педагогтің білікті болуы — өте маңызды мәселе екенін алға тартты.

Сондай-ақ, қазіргі цифрлық дәуірде балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясын оқыту маңызды болып отыр. Бұл — болашақта жастардың бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды. Бұл тек оқушы-

ларға ғана емес, педагогтерге де қатысты. Кез келген мұғалім өз пәнін жетік менгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек.

— Жалпы, білім беру саласын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару үшін цифрландыру мен жасанды интеллектің мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн. Сіздер тұтас елімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту ісінде алдыңғы шептен табылып, біздің қоғамды нағыз прогрессивті әрі дамыған ұлтқа айналдыруға ерен үлес қосасыздар деп сенемін, — деді Президент.

Цифрландыру мен жасанды интеллектті игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады. Жаһандық үрдістерге бейімделу үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдету өте маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі мектептердің жылдам интернетпен қамтылуын 100 пайызға жеткізу қажеттігін тілге тиек етті.

Баланың бәрі — бірдей, мүмкіндік тең болу керек

Ауыл баласы мен қала баласына мүмкіндік тең болу керек. Президент қала және ауыл мектебіндегі білім беру деңгейі-

ін теңестіруді маңызды міндет ретінде атады. Соңғы төрт жылда 4 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңғыртылғанын, оның басым көпшілігі — ауыл мектептері екенін айта келе, «Ауылдағы білім ошақтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңадан кітапханалар, асханалар мен спорт залдары салынып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Баланың бәрі — бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да — осы», — деді.

Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Осындай ой сабақтаған Президент өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды екенін айта келе, жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беру қажеттігі жөнінде ой тұжырды. Биылдан бастап, елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекемешік мектептер де қолданады. Мемлекет басшысы осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынды.

Тәрбие — тал бесіктен

— Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыхалықтық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ. Халқымыз «Тәрбие — тал бесіктен басталады» деп бекер айтаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс.

«Отбасы — мектеп — мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал, бұл

үштіктің өзегінде — еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі, бұл жол тек тығырыққа тірейді, — деп жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды екенін айта келе, асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатынын айтты.

Ұстаз құқығын қорғау заңмен қадағаланады

Тамыз кенесінде Президент «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізуді ұсынды. Айтуынша, мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс.

— Балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз деп санаймын. Мектептен тыс жерде, ата-аналардың жауапсыздығынан оқис оқиға болса, оған ұстаз жауапты емес. Алматы облысында түлектер арасында болған қайғылы жағдай үшін директор мен мұғалімдер жауапқа тартылып, жұмыстан шығарылды. Министрлік олардың мүддесін қорғап қалды. Дұрыс. Біз мұндай келенсіздікке жол бермеуіміз керек. «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Мемлекеттің міндеті — мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мейлінше арттыру, — деп ой тұжырды Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Білім саласы — мемлекет үшін стратегиялық мәні бар сала болғандықтан, құзырлы мемлекеттік органдар білім саласындағы мәселелерден сырт қалмауы керектігі айтылды. Өйткені, ел келешегі болар балалардың аمانдығы, олардың денсаулығы және сапалы білім алуына барша қоғам жауапты.

Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс

Соңғы екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылданды. Атап

айтқанда, кәмелет жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды, бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзіреті кеңейді.

Балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни, суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-коды орнатылған. Жаңа оқу жылынан бастап, мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллингке қарсы «ДосболLIKE» атты бағдарлама іске қосылды. Негізгі мақсат — балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі — әрдайым мемлекет назарында.

Ұстаздық — ұлы миссия

Білім мен ғылым — ел дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Сондықтан да, осы міндетті орындауға бар күш-жігерімізді салып жұмыс істеуіміз қажет. Бұл Мемлекет басшысы үшін мызғымас басымдық болып отыр.

— Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық — жай мамандық емес, бұл — ұлы миссия. Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады. Қазақстанның жарқын болашағы Сіздердің табанды еңбектеріңізге тікелей байланысты, — деп зор сенім білдірді.

Тамыз конференциясы соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім берудегі аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазға мемлекеттік наградалар табыстады. Қарағанды қаласынан Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Шұға Даурықбаева «Құрмет» орденімен марапатталды.

Суреттер akorda.kz сайтынан

Әуежай әуехабқа айналады

Сарыарканың төскейінде шоғырланған қара алтынның астанасы Қарағанды — ел өркендеуіне айрықша үлес қосып келеді. Тоғыз жолдың торабында орналасқан өңір инфрақұрылымының дамуымен басқа аймақтардан көш ілгері деп айтуға толық негіз бар. «Сарыарқа» халықаралық әуежайындағы заманауи авиаотын құю кешені құрылысының басталуы — оның айшықты дәлелі. Қазақстанның көлік-логистикалық картасын жаңа белеске шығаратын бұл жоба көршілес Қытай елімен бірлесе жүзеге асып отыр.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Үрімшіден тікелей ұшақ

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі транзиттік әлеуетті арттыруды ұлттық экономиканың стратегиялық бағыты ретінде белгілеген болатын. Күні кеше Қазақстан мен Қытай арасындағы авиациялық байланыстардың жаңа парағы ашылған тарихи сәтке куә болдық. Қытайдың Үрімші қаласынан шыққан CS909 әуе кемесі алғаш рет тікелей Сарыарканың сайын даласына ұшып келді. Қытайдың ресми делегациясын әкелген рейс — Қытай азаматтық авиация комитетінің қолдауымен елімізде жүзеге асқан тұңғыш ұшып-қону оқиғасы ретінде тарих парағына қатталды. Алдағы уақытта екі ел инфрақұрылымдық ынтымақтастықты нығайтып, «Үрімші-Қарағанды» бағытындағы тікелей әуе қатынасын күшейтуді көздейді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев осы жобаның стратегиялық маңыздылығын атап өтті.

— Егер бұл бастама толық жүзеге асса, ол қос ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың жаңа белесіне көтеріліп, облыстың транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттырады. Нәтижесінде, аймақтың экономикасы өркендеп, қос ел арасындағы өзара байланыс бұрынғыдан да нығая түседі деп сеніммен айта аламыз, — деді аймақ басшысы.

Бұл жоба халықаралық тасымалдың мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, өңір экономикасына да серпін берері сөзсіз. Жаңа бағыттар жүк және жолаушы тасымалын көбейтіп, әуе қатынасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Авиаотын құю кешені салынады

Сол бір шұғылалы күннің тағы бір сәулелі сәті — «Сарыарқа» халықаралық әуежайы аумағында заманауи жанармай құю кешенінің іргетасының қалануы болды. Бұл кешен Jet A-1 типті авиаотынды қабылдау, сақтау және құюға арналған жоғары технологиялы нысан болады деп жоспарлануда. Оның құрылысы Қарағандыны Орталық Азиядағы авиациялық қызмет көрсету орталықтарының қатарына қосып, халықаралық стандарттағы әуежай инфрақұрылымына жаңа деңгей әкеледі.

Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Алғашқы кезең — 2025 жылдың соңынан бастап, 2026 жылдың басына дейінгі аралықта жоспарланған. Онда технологиялық жабықтар жобаланып монтаждалады. Сонымен қатар, бастапқы кезеңде кешеннің негізгі техникалық құрылымы дайындалады.

Екінші кезеңде, яғни, 2026 жылдың соңына дейін көлемі 2000 текше метрлік болатын резервуар мен қызмет көрсету кешені салынады.

Үшінші кезең — 2027 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған.



Ол уақытта қойма көлемі екі есеге өсіп, аумақ алаңы 4000 текше метрге жетуі тиіс.

Кешеннің құрылысы Еуропаның JIG, EI және AFQP стандарттарына сай болмақ. Авиаотынның сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын ең қатаң талаптардың бірі — осы. Бұл жағанда Стратегиялық серіктес ретінде әлемдік энергетика нарығында көшбасшылардың бірі саналатын қытайлық Petro China компаниясы қатысып отыр.

Үрімші қаласы Халықаралық құрлық порты және экономикалық әуежай сервис бюросы басшысының орынбасары Цзюй Хуэй-дін айтуынша, жоба халықаралық деңгейдегі тасымалды өзара тиімді етіп, серіктестікті жаңа деңгейге шығарады.

Сәтін салып, жаңа жанармай құю кешені іске қосылған соң Қарағанды әуежайы халықаралық рейстерге үздіксіз және сапалы авиаотынмен қызмет көрсете алады. Бұл, өз кезегінде, ірі жүк және жо-



лаушы ұшақтарын қабылдау мүмкіндігін оңтайландырады.

Ынтымақтастық келісім жасалады

Серіктестікке селкеу түсірмей, бекіте түсу үшін нақты іскерлік келісімдер жасалуы тиіс. Соған орай, екі елдің авиация және логистика саласын ілгерілетуге бағытталған бірқатар құжаттарға қол қойылды. Маңызды мәмілелер тізбегінде Petro China Kazakhstan Ltd пен Silk Aviation Airport Development арасындағы авиаотын жеткізу туралы келісім бар. Бұл құжат жаңа жанармай құю кешенін Jet A-1 типті ұшақты сапалы авиа-

отынмен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүк тасымалын үйлестіру және мультимодальды тетіктерді тиімді ұйымдастыру туралы келісім. Бұл келісім Қазақстанның Еуропа мен Қытай арасындағы транзиттік рөлін күшейте түседі.

Әуежай әлеуеті артады

Қазіргі таңда әуежай жылына 50 мың тоннаға дейін жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие. Жобаның толық іске асуы нәтижесінде бұл көрсеткіш 200 мың тоннаға дейін ұлғаяды. Мұндай өсім өңірдің логистикалық мүмкіндігін төрт есеге арттырып,



Қуатты өңір

Қазақстанды Қытай-Еуропа бағытының басты транзиттік бекетіне айналдыруға жол ашады.

Жаңа жанармай құю кешені экологиялық қауіпсіздік стандарттарына да толық сай болады. Құрылыс пен жұмыс барысында еуропалық стандарттарға сай JIG, EI, AFQP талаптары басшылыққа алынып, авиаотын сақтау мен құю кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша азайту үшін заманауи сүзгілер және ақауға қол бермейтін жүйелер қолданылады.

Жобаның тағы бір артықшылығы — экологиялық тиімділікті көздейтіндігі. Авиаотынды тасымалдау бағыттары оңтайландырылады, бұл көліктен шығатын көмірқышқыл газының көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

— Біз жаңа кешен арқылы Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтумен қатар, экологиялық жауапкершілікті де басты орынға қоямыз. Келешек ұрпаққа таза және қауіпсіз инфрақұрылым қалдыруға бағытталған жоба толық стандарттарға сай болуы қажет, — деді «JET FUEL SERVICE» негізін қалаушы Ерлан Оспанов.

Түйін

Сарыарқа төрінде жаңа жобаның қаласы қағылды. Қарағандының ғана емес, бүкіл Қазақстанның көлік-логистикалық құрылымында жаңа белесті бағындыратын маңызды бастама түледі. Қытайдың CS909 әуе кемесінің тікелей рейсінің келуі, әрі заманауи жанармай құю кешенінің құрылысының қатар басталуы — қос елдің стратегиялық әріптестік белгісі.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Экодемалыс кеңістігі қалыптасады

Кеншілер астанасында экологиялық жағдайды жақсарту мен тұрғындарға жайлы демалыс аумақтарын қалыптастыру мақсатында ауқымды табиғи қайта құру жұмыстары қолға алынды. Атап айтқанда, Үлкен Бұқпа өзенінің арнасын ретке келтіру және Орталық саябақтағы көлдерді тазарту жобасы біртіндеп жүзеге асуда. Тазартылған және жаңғыртылған су айдындары тек табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіріп қана қоймай, қала тұрғындары мен қонақтары үшін экологиялық таза, тынығуға қолайлы жана кеңістікке айналмақ. Бұл бастама – табиғатты ұқыпты пайдалану арқылы қала өміріне серпін беретін тың қадам.



Суарғыш облыс аумағын қалыптастыру

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы Үлкен Бұқпа өзенінің негізгі арнасы мен сол жақ тармағы тазартылып, техникалық жабдықтар плиталық жабындар мен қарау люктері жаңартылған болатын. Биыл бірінші көлге қосылатын жергілікті су тазарту құрылғылары орнатыла бастады.

Судың сапасын жақсарту мақсатында көлдер арасында тұйық су айналымын қамтамасыз ететін құбыр жүйесі тартылады. Бірінші көлден екіншіге, одан әрі үшінші көлге дейін су еркін айналымда жүреді. Бұл әдіс көлдерге тұрақты түрде таза су жеткізіп, балдырлардың көбеюіне тосқауыл болады.

Жобаның алғашқы нұсқасында тек көктемгі тасқын кезінде жұмыс істейтін қысымсыз жүйе көзделген еді. Ол кезде көлге жылына 168 текше метр ғана су құйылатын. Бұл – көлдің жалпы көлемінің үштен біріне де жетпеуші еді. Қазір бұл тәсілдің орнына сорғы жүйесі енгізіліп отыр. Су тазарту нысандары көлге жақын орналасады. Сонымен



Көлдің экожүйесін сақтау үшін жанармаймен жүретін моторлы қайықтарды пайдалануға тыйым салынды. Есесіне, экологиялық қауіпсіз катамарандар, ескекті және электромоторлы қайықтар ғана қолданылады.

қатар, жаз-күз маусымында су тапшылығын болдырмау үшін көл маңында ұңғымалар бұрғылану үстінде.

Экологиялық шаралар қатарында көл түбін балдырлардан тазарту жұмысы бар. Жуырда жүзбелі экскаватордың көмегімен бірінші көлде механикалық тазалау жүргізілді. Көлдің

экожүйесін сақтау үшін жанармаймен жүретін моторлы қайықтарды пайдалануға тыйым салынды. Есесіне, экологиялық қауіпсіз катамарандар, ескекті және электромоторлы қайықтар ғана қолданылады.

– Қазіргі таңда үлкен көлдегі жұмыс толық аяқталды. Соңғы екі жылда мұнда 90 мыңнан



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

астам шабақ жіберілген. Олар су астындағы балдырларды табиғи жолмен жояды. Қала әкімінің айтуынша, алдағы кезеңде екінші және үшінші көлдерге де кезек келмек. Қыс түсісімен үшінші көл механикалық жолмен тазартылып, келесі жылы мұнда субұрқақ орнату жоспарланып отыр. Ал, екінші көл хайуанаттар бағының қарауына беріліп, жазда бұл аумаққа түрлі су құстары көшірілмек, – деді Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов.

Қаладағы тағы бір демалыс кеңістігі ретінде «Көгілдір тоғандар» аумағы назарға ілікті. Бұл жер болашақта заманауи саябаққа айналады. Жобаның негізгі бағыты – ауқымды көгалдандыру және қала ландшафтына үйлесімді жана сәулеттік шешімдерді енгізу.

Қала әкімінің айтуынша, саябақ аумағына шағын архитектуралық формалар, арт-объектілер және демалысқа қолайлы инфрақұрылымдар орнатылады. Алайда, көркейту жұмыстары тұрғын аудан жағында ғана жүргізілмек. Екінші жағалауда бұрынғыша балық аулауға мүмкіндік сақталады. Бұл – табиғи тепе-теңдікті сақтаудың және тұрғындар мүддесін ескерудің мысалы.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл бастаманы қолдап, табиғи тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Аймақ басшысының айтуынша, демалыс аймақтары коммерциялық нысандармен толтырылмауы тиіс. Ең бастысы – тұрғындарға арналған табиғи, еркін тынығу аумағын қалыптастыру. Ермағанбет Қабылдаулы осындай экологиялық жоба арқылы Қарағандыда сапалы өмір кеңістіктерінің саны арта түсетінін де назардан тыс қалдырмады.

Көлдерді қалпына келтіру және жаңа демалыс аймақтарын құру жұмыстары – қала экологиясын жақсартуға, тұрғындарға сапалы өмір сүру мүмкіндігін ұсынуға бағытталған маңызды бастама. Су айдындарының қайта жаңғыруы мен табиғатпен үйлескен инфрақұрылымның бүгінгі күнге әрі болашаққа жасалған нақты инвестиция екенін атап өткен жөн.

Дәрігер тапшылығы бар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысында дәрігер тапшылығы – әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі. Жалпы тәжірибелік және бейінді мамандарды қосқанда, бүгінде өңірге 137 дәрігер жетіспейді. Бұл түйткіл аймақ әкімі Ермағанбет Бөлекпаев торағалығымен өткен кеңесте талқыланды.



Салтанат ГЛИЩ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды медицина университетінің ректоры Бақыт Көшерова атап өткендей, университет студенттерінің небәрі 24 пайызы ғана Қарағанды облысының тумалары. Демек, оқу бітіргендердің дені басқа өңірлерге кетіп, жергілікті жүйенің үміт артатын түлектері тым аз қалады. Биыл интернатура шеңберінде облысқа 79 жалпы тәжірибелік дәрігер жіберілсе, олардың тек 23-і – өзіміздің түлектер. Қосымша 54 стоматолог жіберілген, бірақ, олардың бір бөлігі резидентурада оқуын жалғастырады.

Өткен жылы өңірде 210 жас дәрігер еңбекке араласқан. Соның 106-сы ауылдық жерге жолданыпты. Биылғы жоспар – 219 маман: 79 интерн және 140 резидент. Акушер-гинеколог, радиолог, невропатолог, анестезиолог-реаниматолог, педиатр сынды тар бейінді дәрігерлердің көбі қала мен моноқалаларды тандаса, аудандық жерлерге аз ғана бөлігі барады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжебаев кадр тартудың ең тиімді тетіктерінің бірі – «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы екенін айтты. Бағдарлама аясында мамандарға 100 АЕК көлемінде біржолғы көтерме ақы және 2500 АЕК-ке дейін

баспана алуға қаржы қарастырылған. Биыл Нұра ауданында медицина қызметкерлеріне арналып, 14 пәтерлі үйдің кілті табысталады. Бұл қадам ауданның кадр мәселесін жеңілдетуі тиіс.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Қарағандыда өз медициналық университетінің болуы – үлкен артықшылық екенін атап өтті:

– Біз үшін басты мақсат – маманды тарту ғана емес, оны осында тұрақтандыру. Бұл үшін тиімді қолдау шаралары, баспанамен қамту, жеңілдетілген ипотека ұсынылуы тиіс. Әр аудан бұл бағытта белсенді болуы керек, – деді ол.

Қазір облыста медициналық ұйымдарды кадрмен қамтуға арналған үш жылдық жол картасы дайындалып жатыр. Құжат Қарағанды медицина университетімен бірлесе әзірленуде. Онда мамандарды бекітуге бағытталған нақты қадамдар қамтылып, мектептегі медициналық сыныптар арқылы ерте кәсіби бағдар беруге жетімдік берілімек.

Бұл жол – бүгінгі жетіспеушілікті ғана емес, ертеңгі тұрақтылықты да қамтамасыз етудің кілті болмақ. Аймақтың әр тұрғынына дер кезінде көмек көрсететін дәрігердің болуы – ең қымбат капитал.

Суаретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘЛЕУМЕТ

Әр салада сауаттылық маңызды

Құқықтық сауатсыздықты қазіргі уақыт көтермейді. Әр салада сауаттылық маңызды. Дәл сондай қажеттілікті құқық та талап етеді. Осы мақсатта «Таир» сауда үйінде құқықтың жәрмеңке өтті. Орталық саябақта да нашакорлыққа қарсы акция ұйымдастырылды.

«Таир» сауда үйіндегі жәрмеңке қоғамдық қабылдау форматында өтіп, тұрғындарға құқық қорғау органдарының құзыретіне кіретін түрлі мәселелер бойынша тікелей әрі жан-жақты кеңес алуға соны мүмкіндік берді. Жәрмеңке барысында полиция қызметкерлері азаматтардың өтініштерін қабылдап, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жәрмеңкенің негізгі мақсаты – халық пен құқық қорғау құрылымдарының арасындағы кері байланысты нығайту, азаматтардың заң аясындағы құқықтары мен міндеттері туралы хабардарлығын арттыру. Тұрғындарға құқықтық көмек көрсету аясында нақты сұрақтарға кәсіби жауаптар беріліп, практикалық ұсыныстар ұсынылды.

Жәрмеңкеге қылмыстық полиция, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, киберқылмыспен күрес бөлімшелері, жергілікті полиция қызметі, көші-қон қызметі, әкімшілік полиция, әрі кадр саясаты басқармасының өкілдері қатысты. Аталған құрылымдардың мамандары азаматтарға өз бағыттары бойынша кеңес беріп, нақты көмек көрсетті. Тұрғындар автокөлік қаралдарын тіркеу, жүргізуші куәлігін алу, жеке басты куәландыратын құжаттарды (төлқұжат, жеке куәлік) ресімдеу, сондай-ақ, көлік құралдарын қайта жабдықтау тәртібі бойынша

толыққанды ақпарат алып, бірқатар ұйымдастыру мәселелерін сол жерде шешуге мүмкіндік алды.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты ақпаратты үдете түсуге бейіміз. Кез келген отбасы ошақ қасындағы кикілжіңді үнсіздік өршіте береді. Біз ұсынған мәлімет көбінекі егде тартқан немесе жалғыздікті жандарға пайдалы болып жатады. Өмірлік қиын жағдайға тап болып жататын кісі қарасы азайғанымен, жоқ емес. Ол адамдарға түрлі орталықтар барын онда психологиялық көмектен құқықтық салаға дейінгі түрлі ақысыз қызметтер көрсетілетіндігі жайында баяндаймыз, – дейді полиция майоры Дана Байғұнұсова.

Жәрмеңкенің жеке блогы ішкі істер органдарына қызметке қабылдау мәселелеріне арналды. Кадр қызметінің тәжірибелі мамандары азаматтарға құжаттарды тапсыру тәртібі, үміткерлерге қойылатын кәсіби және моральдық-іскерлік талаптар, бейінді оқу орындарында білім алу мүмкіндіктері және құқық қорғау саласындағы мансаптық өсу бағамдықтары туралы жан-жақты ақпарат берді.

– Зейнет ақысына қатысты сұрақ мазалаған еді. Сауалыма түшымды жауап ала білдім. Қоғамдық тәртіпті сақтау сақшыларымен өрбіген әңгіме әсерлі шықты. Естуімше, мұндай шара-



Суаретті түсірген

лар жиі өтетін көрінеді. Әлбетте, қазір күз мезгілі. Қала тұрғындарының көбісі мұндай шақта баласына киім-кешек әперу үшін сауда орындарына бас сұғатыны аян. Осы сәтте полиция қызметкерлерін көріп толғандырған сұрағына жауап ала алатыны оңтайлы екен, – дейді қала тұрғыны Нұрділет Асылбек.

Ашық алаңдағы бүкпесіз диалог әрбір қарапайым азаматтың заңнан тыс емес, заңмен қатар өмір сүретінін тағы бір мәрте айқындағандай. Қолында құжаты, көкейінде сауалы бар тұрғындар

түрлі бөлім өкілдеріне еркін жолығып, бұрын беймәлім болып келген ғұмырлық тұстардың мәнін ұқты. Бір сәтке болса да, тәртіп сақшысы мен тұрғынның арасы қызмет пен өтініш иесінің емес, екі жақты түсіністік пен қолдауға құрылған субхатқа айналды. Қарт ана да, жас әке де, студент пен зейнеткер де – барлығы бір мақсатпен келіп жатты. Құқықтық сауаттылықты арттырып, көкейіндегі түйткілге жауап алу үшін. Өйткені, құқықтық мемлекет – қағаз жүзіндегі ереже ғана емес, әр азаматтың жүрегі-

не орнаған сенім мен түсініктен басталады.

Ал, саябақтағы акция ашық аспан астында өтті. Спикердің, есірткі сақтау және тарату қылмысы былтырғыдан қарағанда 20%-ға төмендепті. Облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының мамандары бұл көрсеткішті қысқарту мақсатында жұмыс күшейіп жатқанын мәлімдеді. Өкінішке қарай, есірткі таратушылар, яғни «закладчиктер» жасөспірімдердің арасынан көп шығып жатыр екен.

Акция барысында облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға-жедел өкілі, подполковник Бақытжан Мұстафаев жастарға есірткі қылмысы және жазасы туралы ақпараттандыру сағатын өткізді.

Акция аясында есірткі заттарының жаңа түрлері, олардың ағзаға әсері, жастар ортасында есірткінің таралуының алдын алу мен оған қарсы күрестің заманауи әдістері талқыланды.

Бақытжан Мұстафаевтың сөзінше, бұл күнде такси жүргізушілері арасында қылмыс көбейіп келеді.

– Бүгінгі таңда есірткі тасымалдаушылар полициядан құтылудың жаңа әдісін ойлап тапқан. Мысалы, есірткіні бір қаладан бір қалаға таксиге салып жібереді. Өкінішке қарай, мұндай жағдайлар көбейіп келеді. Мысал ретінде, кейінде қолға түскен такси жүргізушісінің оқиғасын айтып берейін. Күдікті көлігінде затты тастаған адамды танымайтынын алға тартады. Бұл сөзінің рас, не өтірік екенін анықтау үшін біз барлық бейнебақылау камераларын тексеріп жатырмыз. Осындай жағдайдан сақ болу керек. Такси жүргізушілері заттай тапсырыс алған жағдайда соны берген адамды суретке түсіріп алғаны абзал, – деді Бақытжан Мұстафаев.

Акция кезінде жастарға иіс сезгіш иттермен қалай жұмыс атқарылатынын көрсетілді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
Ерік НАРЫН

Ертеңнің кепілі – еңбек мектебі

Еліміздегі техникалық бағыттағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі – Қарағанды техника-құрылыс колледжі. Бұл оқу орны техникалық және кәсіптік білім беруде жастардың табысты мансап бастауына нақты мүмкіндік ұсынып отыр. Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында колледж одан әрі көкжиегін кеңейтіп, жаңа белестерге қадам басуда. Білікті маман дайындауда жетекші оқу орындарының біріне айналған.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Kazakhstan»

Жұмысшы мамандарының маңызы артты

Жарты ғасырлық тарихы бар Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде бүгінде он бес мамандық бойынша 1 000 студент біліп алууда. Бұл мамандықтар екі бағытты қамтиды. Біріншісі – құрылыс, екіншісі – дизайн. Яғни, бірінші бағыттағы мамандықтар – техник-құрылысшылар, кең бейінді құрылыс шеберлері, бейін жобалаушы-сәулетші десек, екінші дизайн бағытында интерьер-дизайнері, ландшафт-дизайнері, техник-дизайнері мамандықтары бойынша білім алады.

– Біз биыл мемлекеттік тапсырыс негізінде 390 бала қабылдаймыз деп жоспарлап отырмыз. Былтыр 340 студент қабылданды. Өздеріңіз байқағандай, биыл 50 орынға көбейттік. Жыл сайын 300 түлек оқуын тәмамдап шығады. Биыл да 300 студент мамандық алып шықты. Техник мамандығына төрт жыл, ал, жұмысшы мамандықтарына 2 немесе 3 жыл оқиды. Ал, биыл 2025 жылды Президенттің «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауы бізге зор серпіліс берді. Қоғамдағы жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтерді. Осыған орай жыл бойына көптеген іс-шаралар жүзеге асты. Мұның баршасы жұмысшы мамандық туралы ата-ана мен баланың көзқарасын түбегейлі өзгертті деп нық айта аламыз, – дейді колледж директоры Әсел Сапарова.

Мұнда студенттер тек мамандықты меңгеріп қана қоймай, қазіргі экономиканың сұранысына сай бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасады. Оқу процесі тәжірибеге бағытталған. Алғашқы курстан бастап, білім алушылар заманауи жабдықтармен жұмыс істейді. Мамандану бағыттары сәулет, құрылыс, ландшафт және өндірістік дизайн, дәнекерлеу ісі, жиһаз өндірісі, ақпараттық қауіпсіздік және басқа да салаларды қамтиды.

Сондай-ақ, мұнда BIM-жобалау, зергерлік іс, дәнекерлеу жұмыстары және өзге де бағыттарды қамтитын 20-дан астам шеберхана мен зертхана бар. Бұл орталықтар студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге және еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Заманауи жабдық – сапалы білім кепілі

Колледж ұжымы – магистрлер, ғылыми зерттеушілер, салалық сарапшылар мен жоғары санатты ұстаздардан құралған. Оқу процесінде BIM-технологиялары, автоматтандырылған жобалау жүйелері және жаңа бағдарламалық кешендер енгізілген.

«Заманауи жабдық – сапалы білім кепілі», – дейді колледжде бір жылдан астам жұмыс істейтін өндірістік оқыту шебері Дархан Біләлов.

– Осы уақыт ішінде аталған оқу орнының мүмкіндіктерін терең танып үлгердім. Колледж толықтай заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген, оқытуға қа-

жетті құралдардың барлығы талапқа сай. Бірінші кезекте қауіпсіздік техникасы ескеріліп, студенттер құрылыстармен жұмыс істеуді нөлден бастап үйренеді. Заманауи құрылыстармен оқыту барысында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мысалы, студенттер виртуалды маска киіп, өздері таңдаған режимде жұмыс істеуді меңгереді. Сондай-ақ, өндіріс саласына арналған үлкен диаметрлі құбырларды жалғауға арналған кәсіби дәнекерлеу құрылғысы да колледж



базасында бар. Яғни, барлығы оқу процесіне бейімделіп орнатылған әрі жұмыстарды тікелей колледж жағдайында орындауға мүмкіндік бар. Атап айтар болсақ, қажетті жиһаздар мен дәнекерлеу жұмыстарын да студенттер өздері жасайды. Ал, оқу орнының материалдық-техникалық базасы заман талабына сай әрі студенттер теориялық біліммен қатар, өндірістік тәжірибеден де өтетіндіктен, көпшілігі біздің оқу орнымызды таңдайды, – дейді Дархан Біләлов.

Колледж шеберханалары жаңа оқу жылына сақадай сай. Осылайша, оқуға енді түсетін студенттер шеберханаларда білім ошақтарын жаңғыртуға арналған «Жас маман» мемлекеттік жобасы бойынша алынған заманауи құрал-жабдықтармен оқытылмақ.

Баспасөз туры барысында БАҚ өкілдері колледждегі заманауи жабдықтармен жабдықталған дәнекерлеу ісі, ағаш ұсталығының шеберханасы, жиһаз өндірісі, мақеттік жобалау, плиткамен қаптау, BIM – жобалау кабинеті, дизайндағы компьютерлік жобалау, ландшафттық архитектура, т.б. шеберханаларын аралады.

Мәселен, плиткамен қаптау шеберханасында керамикалық плиткаға ою-өрнектер салады, композициялық жұмыстар жасайды. Биылғы «Жұмысшы мамандықтарының жылы» логотипін колледж студенттері керамикалық плиткаға оюлапты. Логотип шеберхананың кіреберісінде тұр. Мұнда жұмыс жасап жатқан студент Айдын Аяғанов «Керамикалық плиткалар әр үйде, әрбір ғимараттарда бар. Мұнымен жұмыс жасап үйрену де – өнер», – дейді ол.

– Құрылыс – өлмейтін маман-

дық, – дейді «Техник-құрылысшы» мамандығында оқып жатқан студент. – Осы салада жұмыс әрқашан табылады. Бала кезімнен құрылыста жұмыс істеген ұнайтын. Бұл мамандыққа келуімнің себебі де осы. Осындай шеберханаларда жұмыс істегенде мамандығыма қызығушылығым артады. Колледжде біз үшін барлық жағдай бар, – деді Айдын Аяғанов.

Мәселен, Айдын биыл өткен өңірлік WorldSkills-2025 чемпионатында I орын алып, республикалық чемпионатқа жолдама алған.

Колледж өз студенттерінің оң нәтижелерімен, жоғары жетістіктерімен мақтана алады. Мәселен, WorldSkills кәсіби шеберлік чемпионаттарында олар бірнеше рет «Плиткамен қаптау», «Кіріпш қалау» және «Флористика» құзыреттерінде республикада ғана

бағдарламалары пайда болады. Олардың бірі – жылжымайтын мүлікті басқару. Колледж сымдарды жөндей алатын, істен шыққан сантехниканы ауыстыра алатын, жылытуды реттейтін, бүлінген жиһаз бұйымдарын қалпына келтіретін шеберлерді дайындап шығарады. Мұндай мамандар қазір үлкен тұрғын үйлерді, тіпті, бүкіл кешендерді бақылайтын басқарушы компанияларға өте қажет.

«Ландшафт дизайнері» мамандығын таңдап келген абитуриенттің анасы колледжде шеберлікпен қатар, шығармашылықты да шыңдауға мүмкіндік бар екенін айтады.

– Балам – шығармашыл. Осы колледжді таңдауы да содан. Заманауи шеберханалар студенттерге мол мүмкіндік ұсынады. Тағы бір айта кетерлігі, студенттер теориямен ғана шектелмей, тәжірибені



Қарағанды техника-құрылыс колледжі 2019 жылдан бері қаламыздағы ең ірі құрылыс компанияларының бірі «Жилой фонд» кәсіпорнымен тығыз байланыста. Осы уақыт ішінде шамамен 400 студент өндірістік тәжірибеден өткен. Солардың 30-ға жуығы бүгінде осы жерде табысын тауып жүр. «Жилой фонд» құрылыс компаниясының HR-менеджері Луиза Дасаева-ның айтуынша, колледж түлектері тағалымдамадан өткен соң өндірістік-техникалық бөлімінің инженерлері, шебер-тағылымгерлер және толыққанды әрлеу жұмыстары бойынша құрылыс шеберлері секілді лауазымдарда жұмыс істейді.

– Бізге студенттер әдетте екінші курстан бастап, тәжірибеден өтуге келеді. Өндірістік тәжірибе кәсіпорынға тиесілі құрылыс нысандарында өтеді. Төртінші курсты аяқтаған соң, көпшілігі біздің компанияда қалып, еңбек жолын жалғастырады. Құрылыс – ауыр сала, сол себепті мұнда көп адам келе бермейді. Дегенмен, бізге келетін жастар жеткілікті, – дейді Луиза Дасаева.

Колледжде «Құрылыс шебері» мамандығы бойынша бітірген түлек Артур Бекметов бүгінде «Жилой фонд» компаниясына тиесілі «Метрополь» тұрғын үй кешенінің құрылыс алаңында жұмыс істеп жатыр.

– Алғашқыда шебер-тағылымгер болып істедім, кейін құрылыс учаскесінің шебері болып ауыстым. Жұмысқа тұрғаныма тек бір жылдай уақыт болды. Маған өз мамандығым бойынша жұмыс істеген ұнайды, себебі мен бұл жұмыста жаңа білім мен мол тәжірибе жинаймын. Қазір айлық жалақым да көңілімнен шығады, – деді Артур.

Аталған құрылыс учаскесінің бастығы Максим Микрюков кез келген фирма, кәсіпорындар жас буынға тәжірибесін үйретуге дайын болу қажеттігін айтады. Сөзінше, жастар бұл салаға қызығатын болса, тез үйреніп, қатарға қосыла алады.

– Жастар жұмыс істеуге ниетті, десе де үйренуге көп уақыт кетеді. Егер қызығушылығы болса, тез меңгеріп алады. Құрылыс саласында барлық білгеніміз бен тәжірибемізді жастарға үйретуге әрдайым дайынбыз, – деп ой түйді Максим Микрюков.

Бүгінде дуальды оқыту алты мамандық бойынша жүзеге асырылады. Бұл жүйеге Қарағанды қаласының 20-дан астам кәсіпорын базасында тәжірибелік дайындықтан өтетін 289 студент қатысады. Олардың қатарында «Жилой фонд» ЖШС, Prof Invest, «Центро-негромеханизация» ЖШС, №1 эксперименттік зауыт және қаларесурстарының сапалы пулын құруға мүдделі қаланың басқа да негізгі кәсіпорындары бар.

леджде ерекше қажеттіліктегі 82 студент білім алууда.

– Ерекше білімді қажет ететін арнайы топтармен қатар, инклюзивті білім беру тобы да бар. Яғни, арнайы топтағы балалар арнайы бағдарламамен дәріс алса, басқаларына өзге топтармен кіріктіріліп білім беріледі. 82 студенттің арасында 11 түрлі диагноздағы балалар бар. Алайда, олардың толыққанды білім алуы үшін мүмкіндіктер жасалған. Ерекше қажеттіліктегі студенттер дәнекерлеуші, жиһаз, ландшафттық-дизайн мамандығын да меңгеруде, – деді оқу орны басшысы Әсел Сапарова.

Инклюзивті топтардың құрамында есту қабілеті нашар студенттер жиһаз өндірісін жақсы меңгереді екен. Алдымен олар компьютерде сурет салады, содан кейін станоктардағы бөлшектерді кеседі, үстел, орындық, кереует және басқа да жиһаз бұйымдарын жинайды. Ал арнайы топтарда ақыл-ой кемістігі бар студенттер сәндік-қолданбалы өнерді үйрене алады. Бұл оларға ұсақ моториканы дамытуға көмектеседі және табанды болуға үйретеді.

– Рас, мұндай студенттерді одан әрі жұмысқа орналастыру – маңызды мәселе болып қала береді, – деп мойындайды директор.

– Біз өз тарапымыздан оларға барлық жағынан көмектесуге тырысамыз. Мәселен, былтыр сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді қайта оқыту курстары ашылды. «Жиһаз ісі» мамандығының бір түлегі екі жыл бойы үйде жұмыссыз отырды, біз Орталық саябақтың басшылығымен келісіп, оған үш апталық тегін курс ұйымдастырдық және оны көгалдандырушы ретінде жұмысқа орналастырдық. Қазір ол 200 мың теңге жалақы алады және өте риза. Сондықтан әркім өз жұмысын табуы үшін осындай тәжірибені тұрақты енгізіміз келеді, – деді Әсел Сағынбайқызы.

Кәсіптік білім беру ұйымының басшысы Әсел Сағынбайқызы қолданбалы өнерде оқитын студенттері жұмысқа орналастыру бағытында «Dala-skills» байқауына ерекше қажеттіліктегі студенттер де кіріктіре алатынын айтады. Сонымен қатар, кей мамандықтар негізінде олар қаржылық сауаттылықты да меңгереді дейді.

«Студенттер қолданбалы өнер бағытындағы мамандықты игере отырып, өздерінің жасап шығарған бұйымдарын сату, тарау мүмкіндіктерін меңгеруі үшін де бағыт-бағдар береміз», – дейді Әсел Сапарова.

Суреттер автордан



• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ғалым, педагог, ұйымдастырушы

Бүгін Сарыарқаның дара перзенті, Қазақстанның көрнекті ғалым-экономисі, педагог, ғылым мен жоғары білімнің ұйымдастырушысы, академик Яхия Әубәкіровтің туғанына 100 жыл толып отыр.

Яхия Әубәкірұлы 1925 жылдың 18 тамызында Шет ауданының Ақтөбе ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Ф.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетін бітірген соң С.Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасына түсіп, 1952 жылы оны кандидаттық диссертация қорғаумен аяқтады.

Диссертациясын қорғағаннан кейін Яхия Әубәкірұлы ғылымдық жолын университет ұстаздығымен және жоғары білім саласын ұйымдастыру ісімен шебер ұштастыра білді. Ол республикамыздың қос ірі жоғары оқу орнында – ҚазМУ мен Алматы халық шаруашылығы институтында кафедра меңгерушісі әрі проректор қызметтерін атқарды. Әсіресе, Алматы халық шаруашылығы институтының қалыптасуы мен дамуына сіңірген еңбегі орасан зор болды.

1972 жылы Яхия Әубәкірұлы ғылым докторы дәрежесін иеленді. Ал, 1989 жылы экономикалық теорияны дамытудағы еңбегі үшін ол Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі болып сайланды. Бұл кезеңде ол республикада ғана емес, одақ көлемінде де танылған, беделді экономист-ғалымдардың бірі еді.

Оның социализм жағдайындағы экономикалық заңдардың көріністері жөніндегі баяндамасы, ол әлі ғылым кандидаты кезінде Мәскеу экономикалық үйірмесінде жасаған, әріптестері тарапынан үлкен ғылыми әлеуетінің дәлелі ретінде мойындалды.

Маған Яхия Әубәкірұлымен жақын араласу бақыты бұйырды. Бұл таныстық 80-жылдардың соңында, ол мені докторлық диссертацияма алғашқы ресми оппонент болған сәттен басталды. Академик Әубәкіровтің оппоненттік пікірі – ғылыми талапшылдық пен терең адами ізгіліктің үйлесімі болатын. Мұндай қасиеттердің тоғысуы – үлкен байлық, себебі ол кез келген ғылыми еңбектің сапасын арттыруға ғана емес, нағыз ғылыми қауымдастық рухын орнықты-

руға да ықпал етеді.


Яхия Әубәкірұлының отбасын да жақсы білемін және ол мен үшін үлкен мәртебе. Оның адамдық болмысы, сөзсіз, осындай тату әрі өнегелі отбасының қалыптасуына басты негіз болды. Бәлкім, сондықтан да біз бүгінде Яхия Әубәкірұлын ғана емес, әлемге танылған, атакты пианист, Қазақстанның мақтанышы – Жәния Әубәкірованы да білеміз және мақтан етеміз.

Академик Яхия Әубәкірұлының Қазақстандағы саяси экономия ғылымын дамытудағы еңбегін бөле-жара айту керек. Ол саяси экономияны – экономиканың жалпы теориясы ретінде бағалай отырып, теориясыз тек ғылыми ізденіс қана емес, кез келген практикалық іс-әрекеттің де мүмкін еместігін үнемі атап өтетін. Сол себепті де ол жақсы теориядан тиімді ештеңе жоқ деген шындықты жиі еске салатын.

Яхия Әубәкірұлының білім көкжиегі теңіздей терең, ойлау өрісі даладай кең еді. Сол кеңдік оған кейде тар шеңберлі түсініктен, кейде үстірт сәнге еліктеген ағымдардан туындайтын жалған қайшылықтардың тұзағына түспей, олардың бетін сабырмен қайтарып, шынайы ғылыми жолды табуға мүмкіндік беретін.

Сондықтан да, 90-жылдардың басында маркстік саяси экономияны орынсыз сынау, тіпті түбегейлі жоққа шығару сәнге айналған шақта, Яхия Әубәкірұлы сол кезеңнің саяси ахуалына ермей, байыпты да салмақты ұстанымын сақтады. Оның пікірінше, марксизм ешқашан да абсолютті ақиқатқа айналған, мінсіз ілім болған емес. Дегенмен, ол әлемдік экономикалық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған аса ірі саяси-экономиалық тұжырымдамалардың бірі.

Сондықтан, ол марксизмге кез келген іргелі теорияға қарағандай – үстірт саяси конъюнктураға сүйенген орынсыз жоққа шығару емес, ғылыми әдіснамаға негіздел-



ген сындарлы қайта пайымдау қажет деп санады. Яхия Әубәкірұлының сөзімен айтсақ: «Сумен бірге сәбиді де төгіп тастауға болмайды». Бұл – оның ғылымдағы әділдік пен байыптылықты ту еткен өмірлік ұстанымының көрінісі еді.

Яхия Әубәкірұлының ой-өрісінің кеңдігі мен мәселелерді кешенді түрде көре білу қабілеті оның өтпелі кезең экономикасын талдауынан да айқын аңғарылады. Оның пайымдауынша, өтпелі кезеңде өткеннің сарқыншақтары сақталады, бірақ, олар таза күйінде көрініс таппайды. Бұл кезеңнің ерекшелігі – оның экономикасы әртүрлі меншік нысандары тоғысқан, болашағы алдын ала болжана бермейтін көптеген элементтерден тұратын күрделі құрылым болуы.

Сондықтан, мұндай жағдайда бастапқы нүктенен әрі қарай даму да, белгілі бір деңгейде кері шегініп, өткенге оралу да мүмкін. Осы себепті академик Әубәкіров өтпелі экономикаға талдау жасауда тек бұрынғы түсініктерге немесе әлі де толық ой елегінен өтпеген жаңа тұжырымдамаларға сүйенген дайын қалыптарға жүгінуге болмайды деп есептеді. Оның ойынша, кез келген концепция белгілі бір қоғам экономикасының нақты ерекшеліктерін ашып көрсетуі тиіс.

Қазақстанның әлемдік экономикаға және жалпы әлемдік прогрессивті үрдістерге ықпалдауын жақтаған Яхия Әубәкірұлы реформалардың алғашқы күндерінен бастап-ақ ел мен оның экономикасының дамуы әрдайым ұлттық дәстүрлерге сүйенуі тиіс деп санады. Яғни, даму басқа елдердің тәжірибесін соқыр түрде көшіру арқылы емес, өзіміздің тарихи-мәдени негізімізге арқа сүйеп құрылуы қажет еді.

Нарықтық реформалардың қажеттілігін түсіне отырып, Яхия Әубәкірұлы сонымен қатар, рыноктық экономиканың табиғи шектеулілігіне де әрдайым назар аударды. Оның пікірінше, совет үлгісіндегі жоспарлы экономикамен салыстырғанда артықшылықтары болғанымен, нарықтың да өз ішкі заңдылықтарынан туындайтын бірқатар елеулі кемшіліктері бар. Өйткені нарықтық шаруашылықтың басты принципі – жекеміншікке негізделген іс-әрекет, мұнда жеке мүдде бөрінен жоғары тұрады. Әр тауар өндіруші өз өнімін нарықта барынша тиімді бағамен сатуға ұмтылады. Ал, тауар-ақша қатынасына негізделген шаруашылықтағы негізгі қозғаушы күш – мүмкіндігінше мол пайда табу.

Сондықтан да, Яхия Әубәкірұлы: «Нарық өздігінен белгілі

бір себептермен өзіне және отбасына қажетті өмірлік қаражатты қамтамасыз ете алмайтындарды әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселесін шеше алмайды. Бұл – еңбекке қабілетсіз жандарға, уақытша жұмыссыздарға, оқушылар мен студенттерге қатысты. Нарық қоғамдағы бірқатар маңызды мәселелерді де шеше алмайды. Атап айтқанда, ел қорғанысын, іргелі ғылымды, ішінара денсаулық сақтауды, білім беруді, мәдениет пен спортты және бүкіл қоғамның мүддесіне әсер ететін өзге де әлеуметтік маңызы бар салаларды» – деп есептеді. Осыған байланысты академик Әубәкіров аралас экономиканы қолдады. Ол: «Қазіргі тәжірибе аралас экономиканы құрудың қажеттілігін көрсетеді. Онда дамыған елдерде және кеңестік жүйеде қалыптасқан шаруашылық жүргізу әдістері ұштастырылуы тиіс. Аралас экономиканың меншік нысандары қатынасындағы басты көрінісі – халық шаруашылығында рыноктық та, рыноктық емес те тетіктердің тең дәрежеде қызмет етуі, макроэкономикалық үдерістерге жоспарлы ықпал ету мен рыноктық реттеу тетіктерінің қатар қолданылуы. Аралас экономика тек әлеуметтік бағыт ұстанғанда ғана тиімді бола алады. Ал жұмысшылардың еңбекақысы олардың еңбек күшін өндіруге кеткен нақты шығындарды барынша толық өтеуі қажет», – деп атап өткен еді.

Аралас экономиканы қалыптастыру үшін Яхия Әубәкірұлының пайымынша, Қазақстанда мемлекет экономикадан шеттеп қалмауы керек. Керісінше, ол қазіргі заманғы қазақстандық экономикалық жүйені қалыптастыруда белсенді рөл атқаруы тиіс. Дегенмен ол кеңестік үлгідегі мемлекеттік араласу моделін қайта жандандыруға ұмтылудан сақтандырды.

Мемлекеттің экономикадағы ролі туралы өз көзқарасын ол былай жеткізді: «Шаруашылықтың жай-күйіне жауапкершілікті бір орталыққа – оны оңтайландырып отыратын құрылымға артуға ұмтылу – кеңестік үлгідегі шаруашылық кезеңде өтіп кеткен жол. Қазіргі жағдайда мемлекеттік реттеу – бұл ақпарат ағындарының қозғалысына, адам білімін, ғылыми жетістіктерін және оның ин-

теллектуалдық әлеуетін пайдалануға байланысты процесс. Міне, дамудың нағыз бастауы осы».

Академик Әубәкіров қазақстандық ғылымда алғашқылардың бірі болып, адами капитал феноменіне назар аударды. Ол қазіргі экономиканың дамуы үшін ең басты шарт – адами капитал екенін айтты. Оның түсінігінде, адами капитал білім мен ғылым саласына мақсатты инвестиция салу, халықтың денсаулығын сақтау, білікті кадрларды көбейту және олардың еңбек өнімділігін арттыруға, қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеруге мүдделілігін қалыптастыру нәтижесінде өсетін байлық.

Одан бөлек, ол адами капитал құрылымында кәсіпкерлердің орнын ерекше атап өтті. Бұл жөнінде ол: «Бәсекелі нарықтық ортада адами капиталдың маңызды құрамдас бөлігі – кәсіпкерлер мен іскер адамдардан тұратын әлеуметтік топ айрықша рөл атқарады. Олар халық шаруашылығының әртүрлі салаларында өндірісті ұйымдастырып, оны басқаруға тиіс», – деп жазған еді.

Көріп отырғанымыздай, қазіргі дамудың басты шарты саналатын адами капитал факторын түсіндіруде де академик Яхия Әубәкірұлы өзінің ой-өрісінің кеңдігін, ауқымды әрі кешенді ойлай білу қабілетін айқын көрсетеді. Бұл қасиет – оның зерттеп, түйіндеген барлық тақырыптар мен бағыттарынан да анық байқалады.

Бүгін біз академик Яхия Әубәкіровтің 100 жылдық мерейтойын атап өтіп отырмыз. Біз оны көптеген әріптестері мен шәкірттері жайлы жылы лебізбен еске алатын абзал жан ретінде ғана емес, сондай-ақ, артында мол ғылыми мұра қалдырған, ұлағатын ұстаз, көрнекті ғалым ретінде де қадірлейміз. Бүгінде оны еске алып қана қоймай, оның сан қырлы ғылыми еңбегіне, сол еңбектен нәр алған ғалымдар мен тәжірибелі мамандарға сүйенуді жалғастырып келеміз.

Ерқара АЙМАҒАМБЕТОВ,
Қазтұтынуодағы
Қарағанды университетінің
ректоры, экономика
ғылымдарының докторы,
профессор

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ауыл мектебіне алаңдағандар республикалық жиында бас қосты

Аудан орталығы Осакаровка кентіндегі Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектеп 14 тамыз күні республикалық деңгейдегі маңызды жиынның орталығына айналды. Мұнда «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер жолында» атты республикалық секциялық отырыс өтіп, оның жұмысына еліміздің түпкір-түпкірінен келген 200-ден астам мектеп басшысы, ауыл мектептерін дамытуға атсалысып жүрген ұйымдардың өкілдері, педагогтер мен сарапшылар қатысты. Сонымен қатар, 4 мыңнан аса мұғалім онлайн форматта қосылып, ауыл мектебінің дамуына арналған мазмұнды талқылауларға қуә болды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (НЗМ) ұйымдастырды. Бұл – алғаш рет ауыл мектебінде өткен республикалық форматтағы жиын. Мұндай ауқымды шараның ауылдан бастау алуы – ауыл мектебінің рөліне деген көзқарастың өзгеріп келе жатқанының белгісі.

Жиынның ашылу салтанатында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, Білім беру саласын дамыту қорының директоры Данияр Тоқтарбаев және НЗМ басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин сөз алып, ауыл мектебін қолдаудың стратегиялық маңызына тоқталды.

– Жоба ауыл балаларына сапалы білім беріп қана қоймай, мұғалімдердің де кәсіби дамуына жол ашты. Біз ұстаздармен бірге олардың сұраныстарына сай әдістемелік және тәжірибелік қолдауды жалғастырамыз. Сондай-ақ, оқушының әл-ауқатын арттыруға, тірек мектептер арасында ынтымақтастық орнатуға және НЗМ тәжірибесін кенінен таратуға басымдық береміз, – деді Әнуар Қанатұлы.

Пленарлық отырыста тірек мектептердің өкілдері өз тәжірибелерін ортаға салып, қол жеткізген өз нәтижелері туралы әңгімеледі. Осы жобаға дейінгі және кейінгі ахуал туралы әңгімелеп, пікір алмасты. Осы жерде айтылған әр сөз, әр мысал қатысушыларға тың серпін беріп, бірталай жаңа идеялар туындатты.

Абай облысының Аягөз ауданындағы көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясының директоры Айнұр Қанапиянова өзі басқарып отырған білім ордасының жетістіктерін ерекше мақтанышпен баяндады.

– Быыл мектебіміз Қазақстанның 100 үздік білім ордасының қатарына енді. Оқушыларымыз республикалық, халықаралық сайыстарда жүлделі орындарға ие болды. Осының бәрі – 2022 жылы тірек мектептер қатарына қосылғаннан бастап жоба бастамашылары, бүкіл ұжым, ата-аналар мен оқушылар бірлесе жасаған еңбектің жемісі. Сол кезден бері мектептің ішкі өмірі өзгеріп, ұстаздармен, оқушылармен жұмыс істеудің тиімді жүйесі қолға алынды. Соның нәтижесінде білім сапасы 64 пайыздан 80 пайызға дейін көтерілді, – дейді мектеп басшысы.

Жалпы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы ауыл мектептерін қолдау және озық тәжірибені тарату жұмыстарын 2019 жылдан бері жүргізіп келеді. 2022 жылдан бастап ұйым «Қазақстан халқына» қорымен және Білім беру саласын тұрақты дамыту қорымен бірлесіп, «Ауылдық аймақтағы тірек мектептердің әлеуетін арттыру» қайырымдылық жобасын сәтмен жүзеге асыруда.

Бүгінде жоба аясында 141 тірек мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, жайлы оқу ортасы қалыптастырылды, заманауи оқыту тәсілдері енгізілді. Сондай-ақ педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және әдістемелік сүйемелдеу арқылы ауыл мектептеріндегі білім сапасын

арттыруға бағытталған нақты қадамдар жасалды. Жаңа оқу жылында жобаға тағы да 52 мектеп қосылмақ.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» жобасының негізгі тірегі – мұғалімдерге кешенді әдістемелік қолдау көрсету. Ұйым мамандары педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтап, сабақтарға қатысу, кері байланыс беру, оқыту курстарын өткізу және курстан кейінгі сүйемелдеу секілді жүйелі жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

Сонымен қатар, оқушылардың әл-ауқатына қатысты мәселелер де назардан тыс қалмай, зияткерлік мектептер базасында тағылымдамалар ұйымдастырылып жүр. Бұл – ауыл ұстаздарының өз әлеуетін жетілдіруге бағытталған нақты қадам.

Секция аясында өткен пікірталастар мен шеберлік сабақтарда мектепті тиімді басқару, цифрлық технологияларды оқу процесіне енгізу, инновациялық әлеуметтік жобаларды іске асыру тәсілдері кеңінен талқыланды. Топ-менеджерлер деректерге сүйенген басқарушылық шешімдер қабылдау, ұжымдағы жауапкершілікті арттыру және мектеп ішінде жайлы орта қалыптастыру бағытында тәжірибелерімен бөлісті.

Онлайн форматтағы отырыстарда инклюзивті білім беру, мектепті тиімді басқару, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру жүйесінде қолдану сынды заманауи тақырыптар қамтылды.

Осылайша, «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер жолында» атты секциялық жиын тірек мектептерді қолдауға арналған жобаның аралық қорытындысын шығарып, жаңа оқу жылындағы басым бағыттарды нақтылап берді. Ендігі мақсат – ауыл мұғалімінің кәсіби өсуін қамтамасыз етіп, әр баланың сапалы білім алуына мүмкіндікті арттыру. Бұл – ел ертініне, ұрпақ тәрбиесіне бейжай қарамайтын қоғам үшін аса маңызды мәселе.

Осакаровка ауданы

• СЛЕТ

Жас инспекторлардың жеңіс жолы

Өскемен қаласында өткен Ғазиз Байтасов атындағы ХХ Республикалық «Жас жол инспекторлары» отрядтарының слеті мәресіне жетті. Байқауда еліміздің барлық өңірінен келген үздік командалар бақ сынады. Осы бәсекеде Қарағанды облысының намысын қорғаған №95 мектеп-гимназиясының командасы жоғары нәтиже көрсетіп, күміс жүлдені қанжығасына байлады.



Слет облыс әкімінің сайлауы

Слетке Қазақстанның 20 өңірінен жас жол инспекторлары қатысып, Қырғызстаннан келген бір команда да жарыс көркін қыздырды. Слеттің басты мақсаты – балалардың жол қозғалысы ережелерін білуін тексеріп қана қоймай, қауіпсіз қозғалысты насихаттау, алғашқы көмек көрсету дағдыларын дамыту және саламатты өмір салтын қалыптастыру болды.

Жас инспекторлар бірнеше кезең бойынша сынаға түсті. Олар жол қозғалысы ережелерін білу жарысында білімін көрсетті, жасанды жол қиылысында қозғалысты реттеді, велосипедпен кедергілерден өтті. Сондай-ақ, «Жас санитар» байқауында жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуді шынайы жағдайда орындады.

№95 мектеп-гимназиясының Жол қозғалысы ережелері клубының жетекшісі Светлана Швачкинаның айтуынша, команда оқу жылы бойы жүйелі дайындық жүргізген.

– Балалар тыңғылықты дайындалды, сондықтан, жарыс алдында тек материалды қайталадық. Ең күрделі кезең – «Жас эрудит» конкурсы болды. Онда, тіпті, интернеттен табылмайтын сұрақтар қойыл-

ды. Мысалы, «Үндістер шаршы шақырым сияқты өлшем бірлігі пайда болғанға дейін қашықтықты қалай өлшеген?» деген сұрақ. Олар оны тауықтың дауысымен, оқтың ұшуымен немесе табиғи белгілер арқылы есептеген, – дейді жетекші.

Көрермендер үшін әсерлі кезеңдердің бірі – жас ең аларлар байқауы болды. Дәл осы кезеңде қатысушылардың жинақылығы, батылдығы және нақты іс-қимылдары бағаланды.

Барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша Қарағанды командасы екінші орынға ие болды. Бұдан бөлек, жеке және командалық есепте түрлі номинациялардан жүлделі орындарға қол жеткізді. Команда жетекшісі Светлана Швачкина да марапатсыз қалмады – білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында өткен «Ашық үзіліс» номинациясында үшінші орынға ие болды.

– Әрине, біз бірінші болуды мақсат еттік. Дегенмен, жарыс – жарыс. Кейде бәрі жоспарлағандай болмайды. Алайда, балалар өзін лайықты көрсетті, нәтижеге біз ризамыз, – деді жетекші.

Өз тілшімізден

• МЕРЕЙ

Айтары бар білікті ғалым

Басқаларда қайдам, бізде, филфакта, екі-үш курс жігіттері бірге жүретін әдет болды. Аға-інілі, аралас-құралас. Бізден кейін ізімізді басып оқуға түскен толқын әлдеқайда білімді болып шықты. Бірі жазушы, бірі акын, бірі тілші, бірі ғалым дегендей, қазір олар қоғамның кілтін ұстаған белгілі азаматтар қатарын құрап жүр. Қайрат Әбілда, Жеңіс Сармурзин, Жұпар Жакан, Амангелді Мамыт, Мархаба Тұрсынова бір топта бізден кейіндеу оқыды. Біз ғылымның не екенін білмей, ісіі мұрнымызға бармай жүргенде, сол бір қиындығы күрделі, тылсымы мол ғылымға арамызда алғаш үніле ден қойған Амангелді болыпты.



Біздің ортамызда алғашқы боп ғылыми дәреже алды. Өзімен-өзі жүріп, ішкі бар дүниесін жарқыратып үнсіз тындырды. Мен бұрынғы өз арманым мен қиялым әлемінен өзім қашқын болып жүргенімде, Аужекең батырлық жырдан қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Білдей доцент. Оның ғылыми жұмысының арқауы – «Шора батыр» жыры болды.

Оқырманға түсінікті болу үшін айта кетейін, Шора батыр – аңыз, ертегі үлгісіндегі қаһармандық жыр кейіпкері. Уикипедия ол жөніндегі кеңінен мәлімет береді. Жыр Румыния, Түрік, Қырым, Казания татарлары, ноғайлар, каракалпақтар, башқұрттар, чуваштар, қырғыздар арасында да кең тараған. «Шора батыр» Арал маңында да жырланған, өзіміз Аралдықі болған соң студент кезден назарда ұстайтын едік. «Шора батыр» туралы кезінде П.Фалев, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, тағы басқа белгілі ғалымдар қарастырған. Әйтсе де, оның тарих-көркемдік ерекшелігін Амангелді Мамыт қағазға түсіріп жүйелеген еді. Сонысы үшін құрмет тұттық.

Аужекең ізденуге құмар. Өйткені

қазақтың рухани тарихы – сан-қилы қайшылықты замандардағы шынайы уақиғалардың уақыттық тізбегін құрайтын әлеуметтік құбылыс, тағылым. Тарих – халық тағдыры, оның экзистенциясы. Сондықтан болар, тарих түйіндерін таркату – адамзатты дүниетанымын қоғамды құрайтын адамдардың өмір саласының тарихы. Тарихи даму барысында тек қоғам емес, адам болмысы да өзгеріске түседі, оны рухани көзқарасы да, құндылықтары да, мәдени мұрасы да өзгеріс, даму үстінде болады, бірақ рухани мәдениет үшін ең үлкен қауіп – тарихи жадыны жоғалту. Ал сол жадыны жоғалтпау үшін Амангелді Мамыт сияқты ғалымдар қажет, олардың ізденіс жұмыстары қажет.

Амангелдінің екінші бір қыры – сөзіне беріктігі. Ауылы алыс болса да, Қарағандысын еш ұмытпайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлы ақынымыз Абайдың 175 жылдығына арналған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялағаны белгілі. Бес жыл кейін де бұл еңбекті де «Абайтану» ғылымына тыңнан қосылған тағылымды дүние қатарына жатқызар едік. Олай айтуымыздың себебі, Ұлы Дала данасының шығармашылығын ғылымда зерттеудің дені бұрын тек философия, тарих,

филология бойынша жүргізілсе, ал бұл мақалада Абай шығармашылығы өркениетті, дамыған елдердің қатарына қосылуудағы басты ұстаным ретінде жан-жақты талдауға түседі. Сөз жоқ, еліміздің рухани тұрғыдан жаңғырып, жаңару мен жандануда Абай мұрасының тигізер пайдасы ұшан-теңіз, қазақ үшін ол мәңгілік рухани азық болып қалатыны анық. Осы ыңғайда кезінде қаламыздағы «Болашақ» академиясы ақынның ұлы тойына арнап, «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, оның материалдарын екі том жинақ етіп басып шығарған-ды. «Абай және әлемдік өркениет» аталатын бұл жинақтардағы жарияланымдар денін бүгінгі мәдениеттер тоғысында жаһандану үрдісіне бағыт бұрған замандағы ұттымыздың рухани өрісін биіктетіп ұлы ақынның мұрасына үңіліп, оның тағылымдық мәнін зерделеуге ұмтылған еңбектер құрайды. Бұл еңбекте де филология ғылымдарының кандидаты, доцент Амангелді Мамыттың материалы да жарқ етіп көрінген-ді. Әсілі, «Болашақ» академиясының кез келген руханиятқа арналған іс-шарасында Аужекең қалы қалмайды. Жұмысын алдыға тартып, келмегенін көргеніміз жоқ.

• ЛЕБІЗ

Дархан көңіл, дара тұлға

«Дана адам... өзін жарыққа шығара бермейді, сондықтан жүзі жарқын; ол өзі туралы айтпайды, сондықтан ол атақты; ол өзін-өзі дәріптемейді, сондықтан ол сыйлы; ол өзін асқақтатпайды, сондықтан ол өзгелер арасында биік болып табылады».

Лао-Цзы (біздің жыл санауымызға дейінгі VI ғасыр)

Ауылында қарапайым Амангелді болып, сары алтындай Сарыарқа жеріне келіп, көңілі қалаған оқуға түсіп, «Аужеке» атанған азаматтың арман қуған жолының бірде көктемдей күлімсіреп, бірде жаздай жадырап, бірде ала күздей носерлегіп, бірде қаһарлы қыстай қытымырланып, қилы-қилы кезендермен өрілгенін өзі ғана білер. Біз оны дархан көңілінен, жайсаң жанынан, терең танымы мен талғамынан танимыз.



Білім және ғылым деген қасиетті қос ұғымды кез келген пенде баласы түсініп, оның терең мәніне бойлай бермесі анық. Білімнің ізгі ұлағатын сезініп, еліне, халқына адал қызмет ету де әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін бақ. Ол үшін адамға кемел ақыл мен биік парасат, жаратылысынан дарыған қайраткерлік қасиет қажет болса керек. Мен осындай тұлғалардың қатарына еліне сіңірген еңбегімен құрметке ие болған қазақтың біртуар азаматы Амангелді Алтыбайұлын жатқызар едім.

Амангелді Алтыбайұлы 1965 жылы Шардарә өңірі Коссейіт ауылында дүниеге келді. Бала кезінен казак, орыс және шетел әдебиеті өкілдерінің шығармаларын құмарлана оқыды, жаңа шыққан шығармаларды іздеп, ауыл және аудан кітапханаларының есігін тоздырды. Сайын даламыздың кеңдігінде дархан халқымыздың сөз өнеріне ден қойды. Сөйтіп, бабалар мұрасына жастайынан қанып өскен Амангелді 1983 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға аттанды.

Сол жылы мектепте ұстаздарынан алған білімі озық болса керек, филология факультетінің студенті болып шыға келеді. Ұлағатты ұстаз-ғалымдардан дәріс алып, еліміздің түпкір-түпкірінен арман қуып келген жастармен етене араласып, достар табады. Мақсаты – жай ғана ұстаз болу емес, сондай-ақ ғалым атану. Ол үшін, әрине, мол білім, көл-көсір еңбек және аса ыждаһаттылық керек екені айдан анық. Студент болып жүріп, арасында әскери борышын да өтеп үлгерді, Кеңес әскері қатарында қызмет етті. Соңынан оқуын қайта жалғастырды. Оқуды бітірген соң Аужекең Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті қазақ тілі кафедрасына оқытушы болып орналасты. Студент жастарға мемлекеттік тілден сабақ берді.

«Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба, құмарларын шаттанба, ойлап босқа күлуге» деп хакім Абай айтқандай, асыл азамат

осы қағиданы санаға сіңіріп, ғылым жолына бет бұрады.

«Ғылымда кең даңғыл жол жоқ, оның жарқыран шыңына тек шаршаудан қорықпай, тастақты соқпақтармен өрмелеген адам ғана жете алады» демекші, мол ізденіс, қажыр-қайратының арқасында 1998 жылы ҚР ҒА Әдебиет институтында «Шора батыр» жырының поэтикасы» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін сәтті қорғап шығады.

1999 жылы елге оралып, бірқатар жоғары оқу орындарында лауазымды қызметтер атқарды. Ұстаздық пен ғылымды қатар алып жүрді. Азаматты танығанда, ең алдымен, адамды түрлендіретін, топырағынан ерекшелейтін адам бойындағы ең маңызды қасиеттердің бірі – оның адамгершілігі есепке алынады емес пе?! Өнегелі адам адамгершілік, ізгілік, сүйіспеншілік, әдептілік – ең басты адами құндылықтардың не екенін жақсы

Шым қаладан келеді де қатысады. Альма-матері ҚарУ-ға да келуге құмар. Басын сұқпай кетпейді.

Бір тәмсілде былай делінеді: – Адамға ақыл беретін кімдер? – депті қарт. – Ана тілі ғой ақыл беретін, – депті немересі.

– Жоқ, балам, ана тілі ойды өсіреді. Адамға ақыл беретін ата-ана, ұстаз, досы екенін ұмытпа. Ата-ана ақылын баласы мен қызына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Жақсы ақыл адамды тез есейтеді. Адамға ақыл беретін адал дос. Адал дос ақылшың, ақылшы дос – жақының. Досы көптің табысы көп, табысы көптің жақыны көп. Достықтың көзі ақылдан басталады, – депті қарт сонда. Дәл сондай Аужекеннің ақылы көп. Арақдік Қарағандыға келгенінде төгіп-төгіп айтып кетеді.

«Кей адамдар сыртынан қаншалықты мінсіз көрінсе, ішінен соншалықты кемшілігі көп болады» дейді аңдағандар. Ол ондай қатардан емес. Шәкәрім Құдайбердіұлы сөзімен айтқанда «Бәріне қанағат қылған, адал еңбек қылған» адам.


...Әйтеуір әлеуметтік желі деген бар, сонау жастықта бір уақытта, бір ауамен тыныстағандарды ұмыттырмайтын қасиеті көп оның. Әрқайсының жаңаланып тұратын жеке парақшаларына салынған мәліметтер мен суреттер әрбір достың тыныс-тіршілігінен дерек беріп жатады. Шым қаланың теледидарына қарасаң – Амангелді Мамыт, БАҚ-та білікті дүние жазған кім екен деп үңілсең – онда да сол Аужекен. Міне, осындай дүниелеріне қарап, алыс жакта жүрсе де, жақсы үстіне жақсы бола түсіп, бақытты болған үстіне бақытты болып жүргенін көремін. Бүгін ол тал түс жасқа келіп отыр. Бергенінен берері көп жас. Құттықтағым келді. Бүгін тағы сол баяғы жастық кездегі сезімдер лап етіп жүректе жетіп тұрғаны. Бүгін құртты бірге бөліскен, бізді таныстырған да, сыйластырған да бір Жаратқан еді. Алла алқап жүрсін отбасыңызды, ғалымдығыңызды дегім келеді. Ковид кезінде бір қорқытып едім. Аман жүр, Аужеке деймін!

Елеужан СЕРІМОВ, заң ғылымдарының кандидаты

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Құны кемімес қазына

Қалалық кітапханаларда өткен ғасырдың көзіндеі ескі кітаптар бар. Олардың құны қанша уақыт өтсе де түспейтіні анық. Кітапты бағалайтын оқырманның көз қуанышындай жәдігер М.Әуезов атындағы қалалық кітапханада сақталған. Кітапхананың сөресінде қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының алғашқы нұсқаларының бірі сақталған.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Анықтап айтқанда, бұл кітап «Абай жолы» емес, «Абай» деп аталған. Мұқабасында «Абай» романы деп жазылған. Хакімнің ғұмыр жолын баяндаған роман-эпопеяның алғашқы нұсқаларының бірі 1945 жылы жарық көрген. Мұқабасы қазақтың ою-өрнегімен безендірілген. Орыс тіліндегі аудармасы. Кітап

жақсы сақталған. Парақтары да жыртылмаған.

Кітапханашылардың айтуынша, бұл қазынаны кітапхананың тұрақты оқырманы қорға тапсырған.

Қазір кітап кітапхана сөресінде тұр. Жалғыз данасы болғандықтан, оқырман қолына берілмейді. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған мәдени шаралар аясында кітап көрмесіне қойылып, жұрт назарына ұсынылды.

• ФЕСТИВАЛЬ

Томирис – ТМД-да дара

Қарағандылық екінші сынып оқушысы Томирис Дүйсенбай Mitsubishi Asian Children's Enikki Festa атты Халықаралық балалар шығармашылығы фестивалінде Гран-при жеңіп алды. Халықаралық фестивальге мектеп қабырғасындағы қылқалам шеберлері қатысты.



Сурет обасы ақпараттық сыйласты

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық фестивальге әлемнің 24 елінен қатысушы келіпті. Томирис Дүйсенбайдың туындысы жаһанның түпкір-түпкірінен келген талантты оқушылардың шығармашылығынан үздік деп танылды. Марапаттау рәсімі Жапонияның Осака қаласында өтті.

Томирис сурет салумен тек бір жыл бұрын ғана айналыса бастапты. Қылқаламға ата-анасы да, ұстазы да баулымаған. Өзі ынта білдіріпті.

– Бұрын Томирис балетпен және үлкен теннис ойнаумен айналысатын. Бірақ, былтыр сурет пен фортепианоға барғысы келетінін айтты. Шығармашылыққа бейім екенін бірден аңдадық. Үйге жақын орналасқан Shabyt орталығына жаздырдық. Мүғалімі бірден талантын байқады. Сурет салумен қатар, Томирис ағылшын тілін үйренуге, музыкаға қызығушылық танытты. Фортепианода да ойнайды, – деді анасы Камила Әкенова.

Фестиваль туралы Томирисің отбасына Shabyt орталығының тәлімгері Назира Нұрланқызы айтқан. Ол конкурсақа қатысуға кеңес

беріп, жұмысын дайындауға көмектескен.

Томирис фестивальге қатысу үшін өз жұмысын өткен оқу жылында әзірлеген. Өзінің балет биін билеп, үстел теннисін ойнап жатқан сәтін суреттепті. Суреті арқылы сүйікті ісі оған шабыт һәм қуат сыйлайтынын жеткізіпті.

– Біз жауапты ұзақ күттік. Биыл мамыр айының соңында ЮНЕСКО-дан хабарласып, Томирис Қазақстан атынан бас жүлде алып, Жапониядағы марапаттау рәсіміне ТМД елдері арасынан жалғыз қатысушы ретінде шақырылғанын айтты, – деді Камила Әкенова.

Жеңімпаз жүлдесін алу үшін әкесімен бірге Жапонияға аттанған. Осака қаласында өткен марапаттау рәсімінен кейін балалар мен ата-аналары үшін бай мәдени бағдарлама ұйымдастырылыпты. Жеңімпаз «Дәл осы сәттер маған керемет әсер сыйлады. Мұның барлығы менің шығармашылығымға тың серпін береріне сенемін», – дейді.

– Жапония – ғажайып ел. Осака қаласының ажары, сәулеті маған ерекше ұнады. Келешекте осындай балаларда топ жарып, әлемнің әсем шаһарларын аралағым келеді, – деді Томирис Дүйсенбай.

• ШЫДАМ МЕН ШЫҢ

Қарағанды – чемпиондар өлкесі

Кеншілер қаласы – темірдей тәртіп пен қайсар мінездің мектебі. Осындай мектепте шыңдалған спортшылар үлкен аренаға жол ашты. Жергілікті залдарда соғылған әр соққы, мұз айдындарында сырғанаған әр қадам, татамидегі әр айла – кейін әлемдік жеңістердің бастауы болды.



Сурет ашық жарнамалармен

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Сарыарқа төсінде қалыптасқан спорт мектебі Олимпиада төрінде де, әлем чемпионаттарында да жеңіс туын желбіреткен талай санлақтарды түлетті. 2004 жылғы Афины Олимпиадасында Бақтыяр Артаев алтын медаль алып, әлемдік бокс сахнасында Қазақстанның беделін асқақтатты. Сол жолды жалғап, 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында Серік Сәпиев чемпион атанып, екі дүркін әлем чемпионы болды. Ол «Val Barker» кубогын иеленіп, әлемдегі ең шебер боксшы атағын жеңіп алған санаулы спортшылардың бірі.

Кәсіпқой рингтің жұлдызына айналған Геннадий Головкин орта салмақтағы WBA, WBC, IBF және IBO белбеулерін иеленіп, нокаутқа түсіру көрсеткіші бойынша рекорд

орнатты. Ал, көпсайыс шебері Дмитрий Карпов 2004 жылы Афины төрінде қола жүлде иеленіп, жеңіл атлетика тарихына есімін алтын әріппен жазды.

Жаңа есімдер қатарынан 2023 жылғы Азия ойындарында жарқ еткен велоспорт шебері Камила Оспанова алтын медаль иеленсе, оның командаласы Аяулым Қасымова күміс жүлде жеңіп алды. 2024 жылғы Азия чемпионатында бокстан Абылайхан Жүсіпов алтын медаль еншілеп, Қарағандының спорт картасындағы жұлдызды қатарды толықтырды.

Бұл жеңістердің бәрі – өткен ғасырдың даңқты дәстүрінің жалғасы. 1996 жылы Атланта Олимпиадасында жеңіске жеткен Василий Жиров – сол дәстүрдің айқын өкілі. Мұнда бапкерлердің еңбегі – чемпиондардың нағыз ұстаханасы. Олар тек техника мен тактиканы үйретіп

қана қоймай, жеңіске деген жігер мен қайсарлықты бойға сіңірді.

Бүгінде Қарағандыдағы спорт мектептері – ертеңгі чемпиондардың ұясы. Жасөспірімдер бокс залдарында, мұз айдындарында, велотректерде, татамиде, ауыр атлетика платформасында және жеңіл атлетика жолдарында тер төгіп жүр. Олардың мақсаты – аға буынның жолын жалғап, туған жердің даңқын асыру.

«Қарағанды – чемпиондар өлкесі» атағы кездейсоқ берілген мәртебе емес. Ол Серік Сәпиевтің Лондондағы жеңісінде, Геннадий Головкиннің кәсіпқой рингтегі даңқында, Дмитрий Карповтың көпсайыстағы ерлігінде Камила Оспанова мен Аяулым Қасымованын темірдей төзімінде, Абылайхан Жүсіповтің шаршы алаңдағы шеберлігінде көрініс тапқан. Бұл жерде жеңіс – өмір салты, ал, арман – миндет.

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Саңлақтар салтанаты

Спорт саңлақтарының салтанатына орай Қарағанды қаласының Орталық саябағы спорт думанына айналды. Мыңнан аса қала тұрғыны мен спортсүйер қауым жиналған спорт сауығы «Зумба» танғы жаттығуымен басталып, түрлі спорт сайыстарына ұласты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»



Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев жиналғандарды спорт күнімен құттықтады.

– Спорт күніне орай облыстың әр аумағында саламатты өмір салтын дәрiпттеуге бағытталған түрлі спорттық іс-шаралар өткізіліп жатыр. Орталық саябақта «Чемпиондық рух» атауымен өтіп жатқан бұл бастама шынымен де, жас спортшыларға жеңістің рухын сездіріп, спортқа деген қызығушылықтарын арттырады. Болашақта ел намысын қорғап, Көк Туымызды желбірететін жастарды біз әрқашан жігерлендіріп, қолдау білдіруге әзірміз, – деді Серік Жұманғалиұлы.

Шараны ұйымдастырушылардың бірі «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков те спорттың жастар үшін маңызын атап өтіп, мән-маңызына тоқталды.

Спортқұмарлар үшін күрес, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, асық ату, армрестлинг, арқан тарту, коян-қолтық ұрыс сияқты ашық

жаттығулар мен көрсетілімдер ұйымдастырылды. Әр спорт алаңында кәсіби жаттықтырушылар мен танымал спортшылар шеберлік сабақтарын өткізді.

Қадірлі қонақтардың сапында, еліміздің көк байрағын әлемдік ареналарда желбіретіп жүрген танымал жерлестеріміз – балуан Ибрагим Мағомадов, батутист Данил Мусабаев және былғары қолғап шебері Аида Әбікеева болды.

Ашық алаңдағы жаттығулар аяқталған соң, барлық қатысушылар мәре сызығына жиналып, бір сапқа тұрды. Төреші белгі берісімен марафон басталып, қатысушылар саябақ ішіндегі арнайы белгіленген айналым бойынша межеленген қашықтықты жүгіріп өтті. Мәрені алғашқы бағындырған 30 желяашқа «AMANAT» партиясынан естелік сыйлықтары табысталды.

– Осы уақытқа дейін спорттың бірнеше түрімен шұғылдандым.

Жүзу, гимнастика, би – бәрін байқап көрдім, бірақ құштарлығымды арттырған спорт түрі – хоккей. Соңғы бір-екі жыл көлемінде «Грация» хоккей клубында жаттығып жүрмін. Бүгінгі шарада мұз айдыны болмаса да, өзге бағыттар бойынша белсенділік танытып, саламатты өмір салтын насихаттауды маңызды деп пайымдадым, – деді жас спортшы Милана Салева.

Спорттық сайыстарға белсене қатысқан жас спортшылар мен қала тұрғындарының айтуынша мұндай бастамалар спортты дамытуға, белсенді өмірге бел шешіп, өмір салтын жандандыруға зор ықпал етеді.

Ұйымдастырушылар алдағы уақытта спорт саласын дамыту үшін жас сайыпқырандардың басын қосып, кең көлемде форум өткізуді көздеп отыр.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТҰҒЫШ

«Алтын жұлдырық»

Қарағандыда бұрын-соңды әйелдер боксының әлемдік аренада мұндай табысты жеңімпазын көрмеген едік. Биылғы айтулы оқиғалардың бірі – жерлесіміз Аида Әбікееваның әлем чемпионы атануы. Бұл – спортшының жеке жеңісі ғана емес, аймақ тарихына алтын әріппен жазылған тарихи сәт. Аиданың жеңісі әлеуметтік желілерде де кеңінен талқыланды. Жанкүйерлер оған «Қазақтың қайсар қызы», «Алтын жұлдырық» иесі деп баға берді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлемнің ең мықты боксшылары бас қосқан дода Сербияның Ниш қаласында өтті. 63 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шыққан Аида Әбікеева ақтық сынға дейін Еуропа мен Американың талай тәжірибелі спортшыларынан айқын басым түсіп, әлемдік спорт сарапшыларын таңқалдырды. Осы жеңістерінің арқасында ол финалға айқын фаворит ретінде шықты. Шешуші жекпе-жекте тай боксшысы Тананья Сомнуекті жеңіп, өз салмағында тарихи жетістікке қол жеткізді.

Бұл жеңіс Қазақстан әйелдер боксындағы алтын қоржынды толықтырып қана қоймай, ел құрамасын әлемдік рейтингте екінші орынға көтерді. Шетелдік спорт басшылары Аиданың жетістігін жарыса жазып, оның шеберлігі мен табандылығын жоғары бағалады.

Жерлестері де жеңімпазды зор құрметпен қарсы алды. Аида Әбікеева мен оның бапкері Ислам Әбдірайымовқа облыс әкімінің атынан сый-сияпат табыс етілді. Чемпион бес миллион теңге, ал, бапкер бір жарым миллион тең-



Сурет ашық жарнамалармен

ге көлемінде марапат алды. Сонымен қатар, облыстық бокс федерациясы Аидаға жаңа автокөлік тарту етті.

Алда қыркүйекте Ұлыбританияның Ливерпуль қаласында өтетін World Boxing әлем чемпионатында бақ сынайды. Мақсаты – Олимпиада төрінде ел қоржынына алтын медаль салу.

– Бұл жеңіс – тек менің еңбегім емес, бүкіл Қазақстан спортшыларының жеңісі. Ендігі арманым – Олимпиадада көк байрағымызды көкке көтеру, – дейді чемпион.

Аида Әбікеева алғашында футболмен айналысқан. Бірақ, спортқа деген шынайы қызығушылықтың арқасында, жеті жасында ата-анасы оны бокс секциясына береді. Содан бастап, Қарағанды қаласындағы бокс залы мен жаттықтырушының жетеле-

уінде жетілді.

Алғашқы бапкері Ислам Әбдірайымовтың жетекшілігімен жаттығу залында төгілген тердің жемісі көп күттірмей ақталды. Жергілікті біріншіліктерде жеңіске жетіп, облыс құрамасына қабылданды.

Жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионатында топ жарып, Азия біріншілігінде жұлделі орындарға ілікті. Сол кездің өзінде мамандар оның техникасына, шабуылдағы қарқыны мен қорғаныстағы сауаттылығына жоғары баға берді.

Өткен жылдың желтоқсан айында Тайландтың Чиангмай қаласында өткен Азия чемпионатында Аида ақтық сында вьетнамдық қарсыласын ойсырата жеңіп, төрешілер бірауыздан «жеңіс» деген шешім шығарған еді...

Дәстүр мен жеңіс

(Соны. Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, Қарағандыда Футбол академиясы бар жабық футбол манежі және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені де жоспарға енген.

Бұл ауқымды кешендер халықаралық талаптарға сай салынып, болашақ чемпиондардың кәсіби шыңдалуына негіз болатынын атап өткен жөн.

Спортқа бет бұрған өңір

Сала мамандарының айтуынша, қазіргі таңда Қарағанды облысында 3-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің спортпен жүйелі айналысу көрсеткіші 29%-ға жеткен. Бұл – республикалық деңгейдегі орташа көрсеткішке тең (жоспар – 30%).

Облыстағы спорттың қарашаңырақтары жоғары спорт шеберлігі мектептері, Олимпиадалық резервті даярлау орталығы, Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжі, 13 мамандандырылған және 8 бейімделмеген спорт мектепте білікті мамандар жас спортшыларға тәлім береді.

Одан бөлек, кеншілер өлкесінде 121 спорт түрі дамып келеді. Оның ішінде, олимпиадалық – 42, олимпиадалық емес – 60, ұлттық – 10, паралимпиадалық – 9. Облыс құрамында 1 074 спортшы ҚР ұлттық құрамасына енген.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев Президент тапсырмасына сәйкес бұқаралық спортты дамыту басты басымдық екенін айтады.

– Аймақта бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінгі таңда өңірімізде 39 балалар мен

жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Онда 27 мыңнан астам бала спортпен тұрақты түрде айналысады. Оның ішінде, 7 мыңнан астамы – ауылдық жерлерден. Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептерде 4350 спорт секциясы ашылып, 84 мыңнан астам оқушыны қамтып отырмыз. Бұл – ел болашағы үшін жасалып жатқан маңызды инвестиция. Аймақта ұлттық спорт түрлері де ұмыт қалмаған. Қазақ күресі, тоғызқұмалақ, көкпар, жамбы ату сынды 11 ұлттық спортпен бүгінде 38 мыңнан астам адам айналысады.

Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 2 мыңға жуық өсім. Жасөспірімдер арасынан ұлттық құрамаға іріктеліп жатқан спортшыларымыз да аз емес, – дейді Серік Жұманғалиұлы.

Бұдан бөлек, жоғары жетістіктер спорттың дамуы да басты назарда екенін атап өткен жөн. Биылдың өзінде облыс спортшылары 562 түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, 8596 медаль жеңіп алған. Оның ішінде, 2794-і – алтын. Аймақ спортшылары халықаралық ареналарда ел намысын абыроймен қорғап жүр. Бұның бәрі – жүйелі жаттығу мен мемлекеттік қолдаудың жемісі.

Басты жетістіктерді атап өтсек, хоккейшілер – жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдесін, зілтемірші Дарья Балабаюк – Азия чемпионатының 3 күміс медалін, шахматшы Даниял Сапенов – әлем чемпионатының қола иегері (15 жас), байдарка мен каноэде – 3 алтын, 3 күміс, 1 қола (Азия чемпионаты), биатлоншы Владислав Киреев – Қысқы Азия ойындарының алтын және күміс жүлдесін жеңіп алды.

Аудан мен қалада тең мүмкіндік

Аймақта бұқаралық спортты

дамыту жұмыстары облыс орталығымен шектеліп қалмай, аудан мен қалаларды да толық қамтып келеді. Бүгінде спортқа қолжетімділік – аймақтық саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды.

Республика бойынша орташа көрсеткіш 29 пайыз болса, Қарағанды облысы бұл межеге жақындап отыр – жүйелі түрде спортпен айналысатын 3-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің үлесі – 29%. Оның ішінде, Қарағанды қаласында – 30%, ал, кейбір аудандарда бұл көрсеткіш одан да жоғары.

2024 жылы облыс бойынша 298 спортшы республикалық жарыстарға қатысып, 54 медаль жеңіп алған. Бұл жеңістердің бір бөлігі – аудан спортшыларының еңбегінің нәтижесі. Әсіресе, ұлттық спорт түрлерінен (көкпар, аударыспақ, жамбы ату, тоғызқұмалақ) ауыл балалары ерекше көзге түсіп жүр. Бүгінде 38 296 адам ұлттық спортпен шұғылданады. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 2 321 адамға артық.

Кәсіби қолдау – нақты нәтиже

2025 жылы 208 спортшы мен 98 бапкерге мемлекет тарапынан ай сайын 50 мыңнан 1,2 миллион теңгеге дейінгі жалақы төленеді. Жалпы қаржы көлемі – 538,92 млн теңге.

Сонымен қатар, облыс әкімінің арнайы сыйақысы тағайындалған. 2025 жылы 10 спортшы және 10 бапкерге, жоғары дәрежелі халықаралық жарыстарда жүлде алғаны үшін 21,5 млн теңге көлемінде сыйақы берілді.

Қазірге дейін облыстық деңгейде 23 жарыс ұйымдастырылып, 2 453 адам қамтылған. Республикалық деңгейде 34 шараға 298 спортшы қатысып, 15 алтын, 14 күміс, 25 қола медаль жеңіп алды.

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 478 №89 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқын» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор ЕРЖАНАТ КЕЧЕСЕБЕКҰЛЫ	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС									
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА		Бас редактордың м.а. Қ.А. АЙТЖАН							
Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК							
Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ							
		Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ							